

2015-2017 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджеті туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік Кодексінің 9 бабының 2 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «2015-2017 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер	4 493 699 мың теңге;
оның ішінде:	
салықтық түсімдер	2 858 645 мың теңге;
салықтық емес түсімдер	4 235 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 500 мың теңге;
трансферттердің түсімдері	1 624 319 мың теңге;
2) шығындар	4 493 699 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру	19 018 мың теңге;
оның ішінде:	
бюджеттік кредиттер	44 595 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу	3 906 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалынатын операциялар бойынша сальдо	0 мың теңге;
оның ішінде:	
қаржы активтерін сатып алу	0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті)	- 40 689 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	40 689 мың теңге;

2. 2015 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу мынадай мөлшерде белгіленсін:

- 1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша 50 пайыз;
- 2) әлеуметтік салық бойынша 50 пайыз;

3. Қазақстан Республикасының «2015-2017 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» Заңының 11 бабына сәйкес:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 21 364 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 1982 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 21 364 теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерлісін:

1) мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге 337 066 мың теңге;

2) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға 11 355 мың теңге;

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 30 851 мың теңге;

4) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбек ақыны арттыруға 40 266 мың теңге;

5) халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге 3540 мың теңге;

6) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге 3 015 мың теңге;

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

5. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттер түскені ескерлісін:

1) Білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға 385 355 мың теңге;

2) Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 361 871 мың теңге;

3) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуға және салуға 26 068 мың теңге;

4) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға 22 282 мың теңге;

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

6. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерлісін:

1) Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу 1 358 мың теңге;

2) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға 1 168 мың теңге;

3) аудандық мамандадырылмаған балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінің қызметтерін қамтамасыз етуге 39 18 мың теңге;

4) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-педогогикалық консультациялық көмек көрсетуге 13988 мың теңге;

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

7. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттері ескерлісін:

1) Білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға 14 781 мың теңге;

2) Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 90 468 мың теңге;

3) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуға және салуға 2907 мың теңге;

4) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға 51 015 мың теңге;

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

8. Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер 44595 мың теңге;

9. 2014 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 0 мың теңге болып бекітілсін.

10. 2014 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрге жатпайтын аудандық бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2014 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық (селолық) округ әкімі аппараттарының бюджеттік бағдарламалары 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың қаржы, бюджет және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

13. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Б. Турлыбаев